

Livertin

Ливертин

ТАҒАМҒА БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСПАНЫҢ
ҚОЛДАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Құрамы: әр таблеткасының құрамында:

белсенді заттектері:

Қызылмия тамырының құрғақ сіріндісі (<i>Glycyrrhiza glabra</i>)	350,00 мг
Расторопши алапес құрғақ сіріндісі (<i>Silybum marianum</i>)	135,00 мг
Бхумиамла құрғақ сіріндісі (<i>Phyllanthus amarus</i>)	100,00 мг
D1-альфа-токоферол ацетаты (50% Дәрумен Е)	8,00 мг
Никотинамид (Дәрумен В3)	7,20 мг
Пантотенат кальций (Дәрумен В5)	1,6 мг
82% пиридоксин гидрохлориді (Дәрумен В6)	0,732 мг
Рибофлавин (Дәрумен В2)	0,600 мг
Тиамин гидрохлориді (90% Дәрумен В1)	0,480 мг
Фолий қышқылы (Дәрумен В9)	0,064 мг
Биотин (Дәрумен В8)	0,025 мг
Цианокобаламин (Дәрумен В12)	0,3 мг

қосымша заттектері:

микрокристаллды целлюлоза, кальций фосфаты, кремний қостотығы, магний стеараты.

Қолдану аясы: бауырдың қызметін жақсарту үшін тағамға биологиялық белсенді қоспа ретінде қабылдайды.

Қызылмия тамырының құрғақ сіріндісі (*Glycyrrhiza glabra*) құрамында минералды тұздар, пектиндер, сапонин, органикалық қышқылдар, глюкоза, флавоноидтар, сахароза, аспарагин, глицирризин, дәрумендер мен минералдар бар. Бауыр қызметінің қалпына келтірілуіне, бауыр ісігі мен цирроздың пайда болу қаупін азайтады, өсімдік гликозидті - глицирризин қышқылы әр түрлі шығу тектерінің токсиндерін бейтараптандыруға көмектеседі.

Расторопши алапес құрғақ сіріндісі (*Silybum marianum*) жасушалардың қалпына келуін жеделдету арқылы бауырды қалыпқа келтіретін силиларин (үш бөлек, изомерлі қосылыстар - силибинин, силиденин және силикристинді қоса алғанда) сияқты флавоноидты қосылыстар тобын қамтиды, бауыр жасушаларының өтімді босатылуын болдырмайды. Бауырды жақсарту үшін қолданылады, ағзаның жалпы жағдайын жақсартады.

Бхумиамла құрғақ сіріндісі (*Phyllanthus amarus*): Филантус – бауырға арналған аюрведалық шөптердің бірі, ол линкандар, алкалоидтар, терпеноидтар, филантина, гипофилантин, көверцетин, астрагалин, галликалық қышқыл, элаганин қышқылы және корилагин сияқты биологиялық белсенді заттардан тұрады. Бұл өсімдіктегі заттектер гепатотиттерді уыттармен (алкоголь, темекі, есірткі) зақымданудан қорғайды және гепатит вирусының бауырға өтуіне көдергі келтіреді, қандағы холестериннің түзілуін басады, бауырдың глюкозаны өңдейтін қабілетін арттырады, ұйқыбезі мен аш ішектің жұмысын реттейді. Табиғи түрде токсиндердің және метаболизм өнімдерінің жойылуын тездетеді.

Е дәрумені майда еритін дәрумендер тобына жатады, организмнің өсуі мен қалпына келуін, бұлшық еттің, жүйке жүйесінің, бауырдың және басқа ағзалардың дамуын қамтамасыз ету үшін қажет.

В тобының (B1, B2, B3, B5, B6, B8, B9, B12 дәрумендері) көмірсулар, ақуыздар мен майлардың алмасуы үшін маңызды, барлық ағзалар мен жүйелердің, оның ішінде, асқазан-ішек жолдарының оңтайлы қызмет етуіне ықпал етеді.

Қолдану тәсілі және мөлшерлемесі:

Ересектер сақан суымен күніне 3 рет 1 таблеткадан алады. Ұсынылатын мөлшерінен асыруға болмайды.

Тағамның құндылығы:

Ақуыздар	17,53 г
Майлар	4,76 г
Көмірсулар	64,75 г
100 г. Энергиялық құндылығы:	
	371,96 ккал

Қарсы көрсетімдері:

ББҚ-ның құрамбөліктеріне асқан сезімталдық.

Жанама әсерлері:

ұзақ уақыт бойы қабылдаған кезде организмде сұйықтықтың іркілуі орын алуы мүмкін, осының салдарынан ісіну мен артериалдық қысымның артуы пайда болуы мүмкін.

Ерекше нұсқаулар:

Тағамдық қоспаны алуан түрлі үйлесімді тамақтануды алмастыру ретінде пайдалануға болмайды. Қандай да бір құрамбөлігіне аллергия болса, қолдану алдында дәрігермен кеңесу қажет. Жүктілікте және бала емізу кезінде бұл ББҚ қолдануға ұсынылмайды (қауіпсіздігі бойынша клиникалық мәліметтердің болмауына байланысты). Қанды сұйылтуға, қандағы қант деңгейін азайтуға, холестеринді азайтуға арналған препараттарды қабылдап жүрген пациенттер өсерін қушейтеу мүмкіндігіне байланысты ББҚ қабылдау алдында дәрігермен кеңесуі тиіс.

Шығарылу түрі және қаптамасы:

15 таблеткадан поливинилхлорид үлбірден және алюминий фольгадан контурлы ұяшықты қаптамаға салынған. 4 контурлы қаптамадан, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картон қаптамаға салынған.

Сақтау шарттары:

Жарық түспейтін жерде, 25 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі:

5 жыл.

Қаптамада көрсетілген.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қабылдауға болмайды.

Босатылу шарттары: рецептсіз.

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №:

KZ.16.01.98.003.E.000373.05.19

Сауда белгісінің иесі:

Belinda Laboratories LLP,
Astra House, Arklow Road, SE14 6EB
Лондон, Ұлыбритания

Өндіруші:

PHARMALIFE RESEARCH S.R.L.,
Via Casa Paradiso 2/A
23846 Bargagnate Monastero(LC), Италия

Тұтынушылардан шағым-талаптарды қабылдауға

уәкілетті ұйым:

«Cepheus Medical» ЖШС (Цефей Медикал)
050000, ҚР, Алматы қ, Панфилов көшесі,
98 үй, «OLD SQUARE» БО
tel: +7 (727) 300 69 71,
E-mail: cepheusmedical@gmail.com

